



Бекітемін

ЖШС «Айсана» жекеменшік

балабақшасының меңгерушісі :

Кырманшина

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасының

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі 06 - 10 қараша 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Қимылды ойын: «Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Дене шынықтыру	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. Сөйлеуді дамыту	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. Қоршаған ортамен таныстыру	Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімқию үлгісін көрсете түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	Жұмбақ: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын

					дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Саусақ жаттығуы", "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып,	"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. (математика негіздері, құрастыру)	"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту. Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар оны сипаттамадан анықтайды. Сипаттамасы бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын

			өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. - Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)		жалғасады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	№ 48	№ 49	№ 50	№ 51	№ 52
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Сөйлеуді дамыту	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме Көркем әдебиет
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Гараж" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. (математика негіздері, құрастыру)	"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. (математика негіздері, құрастыру, танымдық	"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып,	"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуды үйрету. (дене шынықтыру)	"Көлік" ойыны. Педагог: - Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын

		дағдылар)	тракторды құрастырады. (танымдық дағдылар, құрастыру)		балаларға көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.</p> <p>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту.</p> <p>"Бағдаршам" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды үйрету. Түстерді ажыратуды бекіту, тәртіп бойынша қимылдауды үйрету.</p>	<p>Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту.</p> <p>"Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды, таңбалауыштарды жылдам жинауды үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Алаңда бір-біріне соқтықпай жүгіруді үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тындап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру.</p> <p>"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Көліктер туралы әңгіме. "Сенде не бар?" жаттығуы. "Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті. "Не артық?" дамытушылық ойыны. "Әртүрлі көліктер"</p>

					рефлексия.
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	№ 2 - Желді бақылау. - Күз айындағы ауа райы құбылыстары туралы әңгімелесу. - Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Қимылдық ойын: «Соқыр теке»	№13 Жаңбырды бақылау. Бұлтты күндегі табиғат құбылыстарын айтып түсіндіру. Ауладағы жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Қасқырлар мен лақтар»	№ 4 Желді бақылау. Желдің түрлерімен таныстыру. Ағаштардың түптерін қопсыту Қимылдық ойын: «Қазан доп»	№ 15 Көшедегі адамдардың әрекетін бақылау. Жылы киімді не себепті кигені туралы сөйлесу. Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»	№7 Ауа-райын бақылау. Күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Ауладағы құстарға жем беру Қимылдық ойын: «Ақ серек, көк серек»
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Достарымен ішке кіру.
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тағамды асықпай жеу керек.	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті.	Бідыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Әлди –әлди ұйықтайғой» Сөйлеуді дамыту	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру Көркем әдебиет	«Жақсы жатып, жайлы тұр!»

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 48	№ 49	№ 50	№ 51	№ 52
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көліктердің дөңгелектерін жөндейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пен шаршыны зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. (дене шынықтыру)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуды үйрету. (математика негіздері, құрастыру)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк машинасының негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру. (математика негіздері, құрастыру,

					сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы". "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ! Тоқ-тақ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. -Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)	Санамақтар айтқызу. "Нешеуміз?" Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен, Кішкене бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. (сөйлеуді дамыту)	"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. (сөйлеуді дамыту)	"Машина" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту. Оразақын Асқар "Машина". Машина істе - серігің, Жолға шықсаң - көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса кұрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Светофор" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту. Зайда Елғондинова "Бағдаршам". Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!" - дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"- дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	№ 2 - Желді бақылау. - Күз айындағы ауа райы	№13 Жаңбырды бақылау. Бұлтты күндегі табиғат	№ 4 Желді бақылау. Желдің түрлерімен	№ 15 Көшедегі адамдардың әрекетін бақылау.	№7 Ауа-райын бақылау. Күз мезгілінің өзіне

	<p>құбылыстары туралы әңгімелесу. - Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Қимылдық ойын: «Соқыр теке»</p>	<p>құбылыстарын айтып түсіндіру. Ауладағы жапырақтарды жинау. Қимылдық ойын: «Қасқырлар мен лақтар»</p>	<p>таныстыру. Ағаштардың түптерін қопсыту Қимылдық ойын: «Қазан доп»</p>	<p>Жылы киімді не себепті кигені туралы сөйлесу. Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p>	<p>тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Ауладағы құстарға жем беру Қимылдық ойын: «Ақ серек, көк серек»</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.</p>	<p>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.</p>	<p>Кеңес: «Бала мен қоғам»</p>